**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Ақпан айы 2023 жыл 1-ші апта**

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5жас

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | -Әдепті түрде сәлемдесуге дағдыландыру;<br>-Көңіл-күйін сұрау;<br>-Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №12 «Қардағы іздер» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны №11** «Кестемен жұмыс» | **Үстел үсті ойыны** Пазылдар әлемі №1 картотека<br><br>Пазылдардан түрлі табиғат бейнелерін құрап шығу. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>Балалардың қалаулары бойынша үстел үсті ойындарын ұйымдастыру, бақылау, сұрақтарға жауап алу. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br><br>Өздері қалаған жыл мезгілінің суретін үлгіге қарап бейнелеу және бояу. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен таза ауада орындау. **(музыка)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық шеңберіне жиналу.** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Математика негіздері**<br>Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. (*Жануарлар, өсімдіктер, ағаштар, жаңбыр тамшылары, адамдар)* | **Математика негіздері**<br>Шама бойынша заттардың ені мен жуандығын анықтай білу.<br>(*Жануарлар, өсімдіктер, ағаштар, жаңбыр тамшылары, адамдар)* | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстың сөздегі орнын, дауысты, дауыссыз екенін ажырату, сөздерге дыбыстық талдау.<br>**Дидактикалық ойын** №10 «Дыбыстық талдау» | **Математика негіздері**<br>Заттарды шамасына қарай ажыратуды одан әрі жетілдіру, шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстың сөздегі орнын, дауысты, дауыссыз екенін ажырату, сөздерге дыбыстық талдау жасау.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма №58 картотека** «Өсу- кему»<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырама №57 картотека** «Сөз, сурет, сөйлем»<br><br>**Қазақ тілі**<br>Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>**Берілетін суреттер тақырыбы:** «Табиғат аясындағы жануарлар»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау<br>**Спорттық ойын:**<br>Төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден сырғанау. | **Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма №59 картотека** «Жуан-жіңішке»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Шешендік сөз өнеріне баулу.<br>Жұмбақтар шешу.<br>*Аспандағы алып доп,*<br>*Жарқырайды жарық боп.*<br>*(Күн)*<br><br>*Кетпейді қасымнан*<br>*Сипайды шашымнан.*<br>*Желпиді, өбеді,*<br>*Бетіме төнеді.*<br>*Емес ол жырақта*<br>*Көрінбес бірақ та.(Жел)*<br><br>*Ауыл сыртында сайда,*<br>*Жатыр үлкен айна. (Мұз)*<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстың сөздегі орнын, дауысты, дауыссыз екенін ажырату, сөздерге дыбыстық талдау жасау.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар** №10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүруді пысықтау.<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар түрлерін жасау.<br>**Спорттық ойын:**<br>Төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды жалғастыру. | **Музыка**<br>Музыка тыңдауда өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерімен таныстыру<br>**Музыка тыңдау:** «Сарыарқа» күйі Құрманғазы<br>**Ән орындау:** «Табиғатты қорғайық» Н.Бақытжан<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.**<br>Қалаулары бойынша орталықтарға бөлініп табиғаттың суретін салу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру, қиынды пішіндерден бейнені құрастыру.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма** №34 картотека «Дұрыс қатар»<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Өсімдіктерге, бөлме өсімдіктеріне қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.<br>**Дидактикалық ойын** №61 картотека<br>«Гүлдерді ыдыстарына орналастыр» | (*Жануарлар, өсімдіктер, ағаштар, жаңбыр тамшылары, адамдар)*<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырама №57 картотека** «Сөз, сурет, сөйлем»<br><br>**Қазақ тілі**<br>Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>**Берілетін суреттер тақырыбы:** «Өсімдіктер мен жануарлар»<br><br>**Музыка**<br>Музыка тыңдауда өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерімен таныстыру<br>**Музыка тыңдау:** «Сарыарқа» күйі Құрманғазы<br>**Ән орындау:** «Табиғатты қорғайық» Н.Бақытжан | №10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Шешендік сөз өнеріне баулу.<br>Жаңылтпаш жаттау.<br>*Бір, екі, үш,*<br>*Бір, екі, үш,*<br>*Ал, кәнеки, ұш.*<br>*Төрт, бес, алты, жеті,*<br>*Төрт, бес, алты, жеті,*<br>*Мынау – ауыл шеті.*<br>*Сегіз, тоғыз, он,*<br>*Сегіз, тоғыз, он,*<br>*Ал, кәнеки, қон.*<br>*Асықпа да саспа,*<br>*Бірден қайта баста.*<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Жануарлардың әртүрлі белгілері бойынша, құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны, қозғалу тәсілі, табиғи-климаттық аймақтары бойынша топтастыру.<br>**Дидактикалық ойын** №62 картотека «Аймақтарға топтастыру»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру.<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар түрлерін жасау.<br>**Спорттық ойын:** Төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды жалғастыру, пысықтау. |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**<br>Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. **(музыка)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Желді бақылау. Желдің соғуы және түрлерін еске түсіру.<br><br>**Қимылды ойын** №5 картотека «Үйшік»<br><br>Балалардың еркін ойын әрекеті | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Бұлтты бақылау.<br>Бұлттың түзілуі және оның түрлерін еске түсіру.<br><br>**Мақалды қайталау**<br>*Жел дауылды шақырады,*<br>*Бұлт жауынды шақырады.*<br><br>**Қимылды ойын** «Жұптасу» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Мұзды бақылау.<br>Топтан кішкене ыдыспен су алып шығып, қар арасына қою.<br><br>**Еркін ойын әрекеті.**<br><br>Еркін ойын әрекетінен оралып судың мұзға айналғанын көру, түсінгенін әңгімелеу.<br><br>Мұздың кішкене бөлігін ыдысқа салып ішке алып кіру, еріп, суға айналғанын көру, түсінгенін әңгімелеу. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы туралы өз ойларын айту.<br>**(қазақ тілі)**<br><br>**Ұлттық ойын**<br>**«Соқыр теке»** жұмсақ қар үстінде соқыр теке ойынын ойнау<br><br>Балалардың еркін ойын , еңбек әрекеті.<br><br>Қатарға жиналып, серуеннен алған әсерлерін айту.<br>**(қазақ тілі)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Ауа райын, желді бақылау.<br>Ауызбен үрлеу арқылы желдің дауысын салу, ұлпа қарды алақандарына алып үрлеп ұшыру. Әрекеттен алған әсерлерін әңгімелеу, тәрбиеші сұрақтарына жауап іздеу.<br><br>Қар үстінде еркін ойын әрекеті.<br><br>Қатарға жиналып, серуеннен алған әсерлерін айту.<br>**(қазақ тілі)** |
| **Серуеннен оралу** | -Топқа оралуға дайындалу, үстерін қағу, қатарға тұру;<br>-Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>-Жаңылтапшатар қайталап, жұмбақтар шешу. **(қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді. Еркін тақырыпта бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру, әсемдеу. Жұмысын танысытырып әңгімелеу | Музыкадан берілген әнді әуенімен тыңдап, сөзін қайталап жаттау **(Музыка)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br><br>**«Жақсы –жаман» ойыны**<br>Ойын ережесі: «Жақсы-жаман қасиеттер қарап «Жақсы» қасиет болса қол шапалақтау «Жаман» қасиет болса тып-тыныш отыру.<br>(Гүлдерге су құю. Ағаштарды сындыру. Құстарға жем беру. Құстың ұясын бұзу<br>Гүлдерді жұлу. Құстарға ұя жасап беру) | Көңілді музыкаға қарапайым ырғақты би қимылдарын орындай отырып бойларын сергіту. **(Музыка)**<br><br>Кітап қарау, түрлі табиғаттың суреттері берілген кітапшаларды қарау, суреттерге қарап әңгіме құрау, суретке ат қою.<br>**(Қазақ тілі)** | **Танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті.**<br><br>Табиғи материалдармен шығармашылық жұмыстар орындау.<br>**(мата, кенеп, мақта)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(Еңбек іс-әрекеті)**<br>Табиғат бұрышындағы гүлдерді суару, жапырақтарын сүрту. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Танымдық іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті.**<br><br>**Аз қимылды ойын:**<br>«Ұшты-ұшты»<br><br>*(құс, тау, тас, көбелек, су, қар, самалет, топырақ)*<br><br>Ұшпайтын заттарды қалауы бойынша бейнелеу. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>«Қар жауды далама» тақырыбында бейнелеу, салған суреттерін достарына көрсетіп, әңгімелеу. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті.**<br><br>**«Кітап бұрышына саяхат»**<br>Табиғат туралы көркем шығармалармен таныстыру, оқып беру, әсерлендіру, әңгімелеу. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>«Бұлт пен жаңбыр» тақырыбында бейнелеу, салған суреттерін достарына көрсетіп, әңгімелеу. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті.**<br><br>**Апта қортындысы бойынша «Табиғат және біз» тақырыбына постер дайындау.** Балаларды ұжымдық жұмысты орындай білуге үйрету,ұзын-қысқа,түзу жолақшаларды кесу,қию, постерді әдемілеу, сәнедеу және түсіндіріп бере алу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Күннің салқындауына байланысты жылы киіну туралы кеңес беру<br>Үйде табиғат туралы әңгімелесуге, түсіндіруге кеңес беру<br>Ата-аналармен баланың балабақшадағы және үйдегі көңіл-күйі жайында сұхбат<br>Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау, салауатты өсір салтын ұстану жөнінде кеңес беру. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Ақпан айы 2023 жыл 2-ші апта**

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 13-17.02..2023ж

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | -Әдепті түрде сәлемдесу;<br>-Көңіл-күйін сұрау;<br>-Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**«Қоғамдық орындар»** тақырыбында презентация тамашалау, әңгімелеу. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>Қоғамдық орындарға жататын суреттерді көрсете отырып, жұмбақтар жасыру. *(автобустар, сауда үйлері, әкімшіліктер т.б)* | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №11 «Кестемен жұмыс» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №4 картотека «Таяқшалар»<br><br>Түрлі үлгілерге қарап таяқшаларды орналастыру. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br><br>Кітап, журнал беттерінен суреттер қарау қоғамдық орындардағы әдептілік туралы әңгімелеу. |
| **Таңертенгі жаттығу** | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен орындау. **(музыка)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық шеңберіне жиналу.** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Математика негіздері**<br>Қоғамдық көліктерді тану, білу, қолдану.<br>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу | **Математика негіздері**<br>«Автобус, пойыз, ұшақ» қоғамдық көлік түрлерін пішіндермен құрау.<br>Геометриялық пішіндер бойынша, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап құрастыру. | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** *«Қо-ғам», «Тәр-тіп», «Бо-ла-ды», «Бол-май-ды», «Ә-* | **Математика негіздері**<br>«Автобус, пойыз, ұшақ» қоғамдық көлік түрлерін пішіндермен құрау.<br>Геометриялық пішіндер бойынша, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап құрастыру. | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстың сөздегі орнын, дауысты, дауыссыз екенін ажырату, сөздерге дыбыстық талдауды жалғастыру.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** «Қоғам, әдеп, тәртіп» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керек екенін түсінуге мүмкіндік беру<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма**<br>Қоғамдық көлік бейнеленген параққа адам бейнелерін орналастыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Қоғамдық көліктер мен орындарда сөйлеу әдебі. Сөйлеу әдебін білу, интонация бойынша сөйлемдерді сөйлегенде қолдана білуді одан әрі жетілдіру.<br>**Дидактикалық тапсырма:** «Суретке қарап әңгімелеу»<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Қоғамдық орындарда...» тақырыбында суретер беру. Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу: бірнеше заттарды өрмелеп өту.<br>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Төбешіктен бір-бірден, екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Спорттық ойын:** Шанамен сырғанау | **Көркем әдебиет**<br>«Автобуста» тақырыбында шығарма оқып беру. Шығармалардағы себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуда шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>**Сурет ішінен тауып көрсету.**<br>-*Қарт жолаушыға көлікке кіруге көмектес;*<br>-*Жол ақысын төле және билетті сақтап қой;*<br>-*Қоғамдық орындағы тәртіп ережелері*<br>-*Көлікте кімдерге орын беру керек?*<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>«Қоғам», «Әдептілік». «Тәртіп» сөздерінің мағынасын білу. Әрбір сөздің мағынасын түсінуге ұмтылдыру **Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар**<br>№63 «Жақсы-жаман»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.<br>**Спорттық ойын:** Хоккей ойыны | *деп».*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар**<br>№50 «Буындар қатары»<br><br>**Музыка**<br>Әртүрлі сипаттағы әндерді өз беттерінше және шығармашылықпен орындауға баулу<br>**Муз.тыңдау**<br>**Ән үйрену:** И.Нүсіпбаев «Мен әдепті баламын»<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.**<br>Қалаулары бойынша орталықтарға бөлініп «Мен және қоғам» тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру, қиынды пішіндерден бейнені құрастыру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақшадағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес» екенін, «жақсы» немесе «жаманды» екенін түсінуге, ажырата білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма.**<br>№ 64 картотека «Дұрыс-бұрыс» | **Сөйлеуді дамыту**<br>Қоғамдық көліктер мен орындарда сөйлеу әдебі. Сөйлеу әдебін білу, интонация бойынша сөйлемдерді сөйлегенде қолдана білуді одан әрі жетілдіру.<br>**Дидактикалық тапсырма:** «Суретке қарап әңгімелеу»<br><br>**Қазақ тілі**<br>Шағын өлеңдер, тақпақтар жаттау.<br>Мнемотехника әдісі арқылы жаттау.<br>*Автобус алға зулайды,*<br>*Бағыттан еш аумайды.*<br>*Зыр айналар дөңгелек,*<br>*Көлік бізге ең керек.*<br>*Автобусқа мінемін,*<br>*Қалаларды көремін.*<br>*Көрген әсем жерлерді,*<br>*Есіме сақтап жүремін.*<br><br>**Музыка**<br>Әртүрлі сипаттағы әндерді өз беттерінше және шығармашылықпен орындауға баулу<br>**Муз.тыңдау**<br>**Ән үйрену:** И.Нүсіпбаев «Мен әдепті баламын» | **Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма**<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Жаңылтпаш жаттап, жұмбақ шешу арқылы шешендік сөз өнеріне баулу.<br>*Әдепті әділдікке әдеттенген,*<br>*Әдетте, әділдік те әдептіден.*<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақшадағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес» екенін, «жақсы» немесе «жаманды» екенін түсінуге, ажырата білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма.**<br>№ 64 картотека «Дұрыс-бұрыс»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>**Балалардың ұйымдастыруымен түрлі қимылды ойындар.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**<br>Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. **(музыка)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>**Бақылау:** Қоғамдық көліктердің қозғалысын алыстан бақылау. Олардың қажеттілігі жайлы әңгімелеу.<br><br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр.<br>(Автобус)<br>**Қимылды ойын** «Поровоз» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>**Бақылау:** Шыршаны бақылау.<br>Шыршаның тікенекті, оның қыс-жазы бір түсте болтынын түсіну.<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>*Тікен-тікен тік пісте*<br>*Қысы-жазы бір түсте*<br>(Шырша)<br>**Еңбек:** Ауладағы шырша түптеріне қар үю.<br><br>**Қимылды ойындар:** «Ақ серек, көк серек» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>**Бақылау:** Айналадағы адамның қысқы еңбегін бақылау.<br>Қысқы еңбекті бақылау барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын одан әрі тудыру.<br>**Еңбек:** Ауладағы қарды тазарту**.**<br><br>**Қимылды ойын** «Қар атысу» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>**Бақылау:** Ауа райын бақылау. Бүгінгі ауа райын сезіну, әңгімелеу.<br>**Қызық сұрақтар:** «Жақсы жаман».<br>- Бүгінгі ауа райы жақсы ма?<br>- Жақсы.<br>- Ағаштың бұтағын сындыру жақсы ма?<br>- Жаман.<br><br>Балалардың еркін ойын әрекеті. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>**Бақылау:** Бүгінгі аязды бақылау<br>Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын , үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап , мойын орағыш тағатынымызды түсіну.<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>*Терезеге қонады,*<br>*Әсем ою ояды.* (Аяз).<br><br>Балалардың еркін ойын әрекетін бақылау. |
| **Серуеннен оралу** | -Топқа оралуға дайындалу, үстерін қағу, қатарға тұру;<br>-Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>-Жаңылтапшатар қайталап, жұмбақтар шешу. **(қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді.<br>«Қоғамдық көлік автобус» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын танысытырып әңгімелеу | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді.<br>«Қоғамдық көлік пойыз» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын танысытырып әңгімелеу | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №1 «Пазлдар әлемі»<br>Топтарға бөлініп пазлдар құрастыру.<br><br>**(Еңбек іс-әрекеті)**<br>Пазлдарды өз қалташасына | **Үстел үсті ойыны**<br><br>№11 картотека «Сөзжұмбақ»<br><br>Суретіне қарап сөзжұмбақты шешу. Қиылған дыбыстарды тәрбиешімен бірге орналастыру. | **Танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті.**<br><br>Ермексаздан ұшақ мүсіндеу. Ұшақтың қоғамдық көлікке жататынын түсіну, әңгімелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұқыпты жинап салу. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын**<br>«Өзара айырмашылығын тап»<br><br>Берілген ұқсас бейнелердің айырмашылықтарын тауып санау. | Музыка іс әрекетінен берілген әнді әуенімен еске түсіру, сөзін қайталап жаттау. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді.<br>«Қоғам және адам» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын таныстырып әңгімелеу | Қалаулары бойынша топтарға бөлініп кітап қарау, суреттерге қарап әңгіме құрау. **(Қазақ тілі)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі.**<br><br>Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдану, жаттау.<br><br>*Әдепті сөйле де,*<br>*тыныш отыр.*<br><br>*Әдепті бала арлы бала,*<br>*Әдепсіз бала сорлы бала.* |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Күннің салқындауына байланысты жылы киіну туралы кеңес беру<br>Үйде тірі табиғат тақырыбында әңгімелесуге кеңес беру<br>Ата-аналармен баланың балабақшадағы және үйдегі көңіл-күйі жайында сұхбат<br>Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау, салауатты өсір салтын ұстану жөнінде кеңес беру. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

<u>**Ақпан айы 2023 жыл 3 ші апта**</u>

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі .20-24.02.2023ж

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | -Әдепті түрде сәлемдесу;<br>-Көңіл-күйін сұрау;<br>-Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br>Өздері қалаған кітап, журнал беттерін қарау, көрген жануарларды атау әңгімелеу. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>«Аңдар» тақырыбында өздері қалаған аң түрін бейнелеу, әдемі, ұқыпты бояу. | **Танымдық іс-әрекет**<br>**Үстел үсті ойыны №4 картотека** «Таяқшалар»<br>Түрлі үлгілерге қарап таяқшалардан балықтар, жануарлар, құстар құрастыру. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br>**Үстел үсті ойыны** №12 картотека «Қардағы іздер» | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Еркін тақырыпта өздері қалаған суретін бейнелеу, бояу. |
| **Таңертенгі жаттығу** | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен таза ауада орындау. **(музыка)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық шеңбері**<br>Шеңбер бойымен тұрып бір-біріне жылы сөздер айту. | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер** | **Математика негіздері**<br>Қоян мен көжекті үлкен-кіші пішіндермен құрау. Геометриялық пішіндер бойынша, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап құрастыру.<br>**Дидактикалық ойын** №57 картотека «Пішінді айна»<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданумен қатар, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>**Дидактикалық тапсырма**<br>«Суретке қарап әңгімелеу»<br>*Аңдардың қысқы тіршілігі бейнеленген суреттерге қарап әңгімелеу, суретке ат қою.* | **Математика негіздері** Аю мен қожықты үлкен-кіші пішіндермен құрау. Геометриялық пішіндер бойынша, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап құрастыру.<br>**Дидактикалық ойын** №57 картотека «Пішінді айна»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Шығармалардағы себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуда шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау **Көркем шығарма:** «Арыстан мен түлкі» балалар ертегісі<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>«Аң », «Тіршілік». «Жануар» сөздерінің мағынасын білу. Әрбір сөздің мағынасын түсінуге ұмтылдыру | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** *«Қо-ян», «Түл-кі», «А-ю», «Ти-ін», «Кір-пі», «А-рыс-тан».*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар**<br>№50 «Буындар қатары»<br><br>**Музыка**<br>Би билеу арқылы , музыкалық ырғақты қимылдармен мәтінге сәйкес әнді сахналау, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Ырғақты қимыл: «Аңдар биі»**<br>**Ән айту:** «Қыс қызығы» З.Акошева | **Математика негіздері**<br>Тиін мен түлкіні үлкен-кіші пішіндермен құрау. Геометриялық пішіндер бойынша, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап құрастыру.<br>**Дидактикалық ойын** №57 картотека «Пішінді айна»<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданумен қатар, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>**Дидактикалық тапсырма**<br>«Суретке қарап әңгімелеу»<br>*Аңдардың қысқы тіршілігі бейнеленген суреттерге қарап әңгімелеу, суретке ат қою.* | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстың сөздегі орнын, дауысты, дауыссыз екенін ажырату, сөздерге дыбыстық талдауды жалғастыру.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** «Аю», «қоян», «тиін», «түлкі»<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар**<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Шығармалардағы себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуда шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау<br>**Көркем шығарма:** «Үш аю» балалар ертегісі<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>«Аңдардың тіршілігі» тақырыбында суретер беру. Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату.<br>Таза ауада **шана ойындарын** ұйымдастыру, қауіпсіздік ережелерін есте ұстау. | **Дидактикалық ойын**<br>№51 картотека «Суретті сөйлем»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Эстафеталық ойындар:**<br>«Кім жылдам», «Қар үстінде арқан тартыс», «Шана жарысы». | **Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.**<br>Қалаулары бойынша орталықтарға бөлініп «Аң патшасы-Арыстан» тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру, қиынды пішіндерден бейнені құрастыру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Жануарлардың әртүрлі белгілері бойынша, құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны, қозғалу тәсілі, табиғи-климаттық аймақтары бойынша топтастыру.<br>Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма №65 картотека «Топтастыру» | **Қазақ тілі**<br>Шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешу.<br>*Аңдар туралы қызықты жұмбақтар жасыру, балаларға ұнаған жұмбақты қайталап жаттау.*<br><br>**Музыка**<br>Би билеу арқылы , музыкалық ырғақты қимылдармен мәтінге сәйкес әнді сахналау, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Ырғақты қимыл: «Аңдар биі»**<br>**Ән айту:** «Қыс қызығы» З.Акошева | Заттық әлемде заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>**Қысқы ойындарда қолданылатын заттық құралдар** (шана, шаңғы, коньки, шайба)<br><br>**Дене шынықтыру**<br>балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Эстафеталық ойындар:**<br>«Кім жылдам», «Қар үстінде арқан тартыс», «Шана жарысы». |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**<br>Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. **(музыка)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет.**<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br>Ауа райын әңгімелеу.<br><br>Балалардың еркін ойын әрекеті<br>**Таза ауадағы шеңбер**<br>(шеңберге жиналып, тәрбиешіге назар аудару)<br>-Балалар, ең қорқақ аң қандай?<br>-Қоян<br>-Қоянның терісінің түсі қыс мезгілінде қандай болады, білесіңдер ме? | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы туралы өз ойларын айту.<br>**(қазақ тілі)**<br><br>Жауған қарды, ағаш басындағы қарды бақылау, ойын алаңындағы сырғанақ үстерін қардан тазалау **( еңбек іс-әрекеті)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райы бойынша желді бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы, қар туралы өз ойларын айту.<br><br>Еркін ойын әрекеті<br><br>**Таза ауадағы шеңбер**<br>(шеңберге жиналып, тәрбиешіге назар аудару)<br>-Балалар, ең айлакер аң қандай? | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет.**<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы туралы өз ойларын айту.<br><br>**Таза ауадағы шеңбер**<br>(шеңберге жиналып, тәрбиешіге назар аудару)<br>**Тақпақты қайталау.**<br>*Мен тиінмін, тиінмін,*<br>*Қыста жылы киіндім.*<br>*Қоймам толы жаңғаққа,*<br>*Іші жылы үйімнің.*<br>**(қазақ тілі)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>**Таза ауадағы шеңбер**<br>(шеңберге жиналып, тәрбиешіге назар аудару)<br>-Балалар, қыс бойы ұйқтайтын аңдарды білесіңдер ме?<br>-Кірпі, аю<br>-Аю қайда ұйқтайды?<br>-Апанда<br>-Кірпі мен аю қысқа азық жинайды ма? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Ақ түсті.<br>-Қоян қысқа азық жинайды ма?<br>-Жоқ<br>- Иә қояндар қысқа азық жинамайды. Олар ағаштардың бұтасын, тамырын кеміріп қоректенеді.<br>**Жұмбақ шешу**<br>*Қалқиып қос құлағы,*<br>*Елеңдеп қорқып тұрады*<br>**Жауабы:** Қоян<br>**Ырғақты -қимылды ойын**<br>«Қоян, аю, түлкі» **(Музыка)** | **Тақпақты қайталау.**<br>*Боран соғар оң жақтан*<br>*Боран соғар сол жақтан*<br>*Қар лақтырып ойнасақ*<br>*Су өтеді қолғаптан.*<br><br>Еркін ойындар. | -Түлкі<br>**Жұмбақ шешу**<br>*Өзі айлакер,*<br>*Өзі қу.*<br>*Жүрген жері айқай шу.*<br>**Жауабы:** Түлкі | Еркін ойын әрекеті. | -Жоқ, жинамайды<br>-Иә, олар қыс бойы ұйқыда болады, сол үшін азық жинамайды.<br>**Жұмбақ шешу**<br>Тіл алсаң тиме,<br>Үсті толған ине.<br>Бірде жүрсе собалақ,<br>Бірде жүрер домалап. (Кірпі)<br>**Жауабы:** Түлкі<br><br>Қар үстінде еркін ойындар |
| **Серуеннен оралу** | -Топқа оралуға дайындалу, үстерін қағу, қатарға тұру;<br>-Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>-Жаңылтапшатар қайталап, жұмбақтар шешу. **(қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Қимылды ойын №10**<br>картотека «Қонжықтар мен көжектер» | **Үстел үсті ойыны** №8<br>картотека «Шаршы қатар»<br>Біртекті аңдар түрлерін толықтыру, қатар бойынша қайталанбауын қадағалау.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br><br>**Қимылды ойын №3**<br>картотека «Пілдің ұзын тұмсығы» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №1<br>«Пазлдар әлемі»<br>Топтарға бөлініп пазлдар құрастыру.<br><br>**(Еңбек іс-әрекеті)**<br>Пазлдарды өз қалташасына ұқыпты жинап салу. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті,**<br><br>«Аю, аю тұршы» әніне ырғақты қимылдар жасау, аюды оятуға тырысу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді.<br>«Көжек» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын таныстырып әңгімелеу | Кітап қарау, кітапшаларды қарау, суреттерге қарап әңгіме құрау. **(Қазақ тілі)** | **Қимылды ойын** №15<br>картотека «Аяз» | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді.<br>«Тиін» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын таныстырып әңгімелеу | Музыкадан берілген әнді әуенімен тыңдап, сөзін қайталап жаттау.<br>Ырғақты қимылдар орындау.<br>**(Музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | -Отбасымен аңдардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелесуге кеңес беру;<br>-Ата-аналардың сұрақтарына жауап;<br>-Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат;<br>-Демалыс күндері балалармен бірге көңілді уақыт өткізуге ұсыныс айту. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Ақпан айы 2023 жыл 4-ші апта**

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 27-03.03..2023ж

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | -Әдепті түрде сәлемдесу;<br>-Көңіл-күйін сұрау;<br>-Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br>Кітап, журнал беттерінен суреттер қарау, Ұлттық ойын түрлері туралы | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті , танымдық іс-әрекеті.**<br>Асықтарды өз қалауларынша бояу, | **Танымдық іс-әрекет**<br>**Үстел үті ойыны №1 картотека** «Пазылдар әлемі»<br>Ұлттық ойындар бейнеленген пазлдарды | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br>**Ұлттық ойын** «Ханталапай»<br>Тәрбиеші: *Талапай-ау,* | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Өздеріне ұнайтын Ұлттық ойын бейнеленген парақты таңдап алып, қалауынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелеу.<br>Ойындардың ұлттық ерекшеліктерін айту. | оюлап сәндеу. | құрап шығу, ойын бойынша әңгімелеу. | *талапай,*<br>*Табылды ойын алақай!*<br>Балалар: *Ханталапай, қанталапай.* | түрлі-түске бояу. |
| **Таңертенгі жаттығу** | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен таза ауада орындау. **(музыка)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық шеңбері**<br>Шеңбер бойымен бір-біріне алтын асықты беру арқылы жылы сөздер айту. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Математика негіздері**<br>Нүктелерді, өрнектерді дәптердің тор көзінде салуға үйрету.<br>**Дидактикалық тапсырма** №38 картотека. Сандарды үлгі бойынша өрнектеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>**Дидактикалық тапсырма** «Суретке қарап әңгімелеу»<br>*Ұлттық ойын түрлері бейнеленген суреттерге қарап әңгімелеу. «Ханталапай» ойыны, «Асық ату» ойыны, «Қыз қуу» ойыны.*<br><br>**Қазақ тілі**<br>Шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешу. | **Математика негіздері**<br>Нүктелерді, өрнектерді дәптердің тор көзінде салуға үйрету.<br>**Дидактикалық тапсырма** №38 картотека. Сандарды үлгі бойынша өрнектеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Шешендік сөз өнеріне баулу. Санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ шешуді үнемі қолдану.<br>**Жаңылтпаш жаттау**<br>*Асығын Асан:- Алшы түс, - деп иірді,*<br>*Асықпай сақасын шиірді.*<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>«Ұлттық», «Бәйге», «Ханталапай» сөздерінің мағынасын білу. Әрбір сөздің мағынасын түсінуге ұмтылдыру<br>**Дидактикалық ойын** №51 картотека «Суретті сөйлем» | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** «Алтыбақан», «Асық», «Қыз қуу», «Бәйге», «Тақия»<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма** №50 «Буындар қатары»<br><br>**Музыка**<br>Сазсырнай аспабының ойналу, жасалау ерекшеліктерімен танысу, үрмелі аспаптарда ойнау тәсілдерін үйрену.<br>**Ән тыңдау:** Сазсырнай аспабында ойналған әуендерден үзінділер<br>**Ән үйрену:** «Сыбызғы сазсырнай» В.Питерцев<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.**<br>Қалаулары бойынша орталықтарға бөлініп | **Математика негіздері**<br>Заттарды шамасына қарай ажыратуды одан әрі жетілдіру, шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану<br>**Дидактикалық тапсырма** №65 «Үлкен-кіші асықтар»<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>**Дидактикалық тапсырма** «Суретке қарап әңгімелеу»<br>*Ұлттық ойын түрлері бейнеленген суреттерге қарап әңгімелеу.*<br>*«Арқан тарту» ойыны, «Соқыр теке» ойыны, «Тақия тастамақ» ойыны.* | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** *«Асық», «Арқан», «Тақия», «Бәйге»*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар** №10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Шешендік сөз өнеріне баулу. Санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ шешуді үнемі қолдану.<br>**Жаңылтпаш жаттау**<br>*Ауылда асық ойнап, қозы бақтым,*<br>*Ауылдастан тай бәйгеде озып астым.*<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Ұлттық ойындардың ережелерімен танысу, түсіну. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Көкпар»** К.Ыбырайұлы Өлеңді оқып беру, мағынасын түсіну, қайталау.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Қос аяқтап заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр).<br>**Эстафеталық ойындар қйымдастыру** «Кім шапшаң?», «Қос аяқ», «Кедергі шыршалар» *кішкентай шыршалар арасымен қос аяқтап, оң және сол аяқпен секіру.* | **Дене шынықтыру**<br>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату. Таза ауада **шана ойындарын** ұйымдастыру, қауіпсіздік ережелерін есте ұстау.<br>**Қимылды спорттық ойын:** «Шана жарысы» | «Алтыбақан» тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Құрастыру бойынша ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу, шығармашылық ойлауды дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Ұлттық ойындардың ережелерімен танысу, түсіну.<br>Балалардың жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Егер белгілі бір ереже сақталмаған жағыдайда не болатынын балалармен талқылау**.**<br>**Дидкатикалық ойын**<br>№66 картотека «Ұлттық ойын атауын тап» | **Қазақ тілі**<br>Шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешу.<br>***Жұмбақ***<br>*Жылға дер ем — ақпайды,*<br>*Жылан дер ем — шақпайды.*<br>***(Арқан)***<br>*Үңгіген ішіне,*<br>*Қорғасын құйылған.*<br>*Әдемі түсі де,*<br>*Әрі тигіш қиырдан.*<br>***(Сақа)***<br>*Шік түсті,Бүк түсті.Алшы түрды,Тәйке тұрды,Омпа тұрды.Шеше аладыАл кім мұны?**(Асық)***<br><br>**Музыка**<br>Сыбызғы аспабының ойналу, жасалау ерекшеліктерімен танысу, үрмелі аспаптарда ойнау тәсілдерін үйрену.<br>**Ән тыңдау:** Сыбызғы аспабында ойналған әуендерден үзінділер<br>**Ән үйрену:** «Сыбызғы сазсырнай» В.Питерцев | Балалардың жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Егер белгілі бір ереже сақталмаған жағыдайда не болатынын балалармен талқылау<br>**Дидкатикалық ойын**<br>№66 картотека «Ұлттық ойын атауын тап»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланың аяғынан ұстайды.) Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар жасау.<br>**Эстафеталық ойындар қйымдастыру** «Кім шапшаң?» , «Кедергі шыршалар» *кішкентай шыршалар арасымен қолғап киіп қолмен жүру, екінші бала аяғын ұстау.* |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**<br>Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. **(музыка)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті** | **Шығармашылық іс-әрекет**<br><br>Көңілді әуенге ырғақты - | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райы бойынша | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, бүгінгі ауа райы туралы өз ойларын айту.<br>**(қазақ тілі)**<br><br>Еркін ойындар. | қимылдар орындау, флешмоб ұйымдастыру.<br>**(Музыка)**<br><br>Балалардың еркін ойын әрекеті<br><br>Таза ауада тыныс алу жаттығуы: *«Ұлпа қарды үрлеу»* | қарды бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы, жел туралы өз ойларын айту.<br>**(қазақ тілі)**<br><br>**Ұлттық ойын:** «Арқан тарту» | Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, бүгінгі ауа райы туралы өз ойларын айту.<br>**(қазақ тілі)**<br>**Ұлттық ойын** «Соқыр теке»<br><br>Еркін ойындар | Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы туралы өз ойларын айту.<br>**(қазақ тілі)**<br><br>**Ұлттық ойын:** «Теңге алу»<br>*Ала алмасаң теңгені,*<br>*Мазақ етер көпшілік.*<br>*Ілу үшін теңгені*<br>*Керек екен ептілік.*<br><br>Еркін ойын әрекеті. |
| **Серуеннен оралу** | -Топқа оралуға дайындалу, қатарға тұру;<br>-Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>-Жаңылтапштар қайталап, жұмбақтар шешу. **(қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балалардың қалауы бойынша боямақтарды таңдап алып ұқыпты бояу.<br>**(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)** | **Үстел үсті ойыны** №5 картотека «Лабиринт»<br>Ұлттық ойынға қажет құралдарды байланыстыру.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Кітаптар, журналдардан Ұлттық ойындар туралы суреттер қарау, алған әсерлерімен бөлісу. | **Шығармашылық іс-әрекет**<br>«Атамның тақиясы» тақырыбында сурет салу.<br><br>**Ұлттық ойын** «Тақия тастамақ»<br><br>*Ойым бар бір ойын бастамақ,*<br>*Аты оның «Тақия тастамақ».* | **Танымдық іс-әрекет**<br><br>**Ұлттық ойын** «Асық ату»<br><br>*Саспа, таста, балақай,*<br>*Асық озды қара, қай.*<br>*Шиыр енді сақаңды –*<br>*АЛШЫ ТҮСТІ, АЛАҚАЙ!* |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | -Дұрыс, ұқыпты киіне білу, киіну кезінде достарына көмек беру;<br>-Қатарға тұру,қатарды бұзбай жүру;<br>-Ережені мұқият тыңдау, есте ұстау;<br>-Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. | | | | |
| **Серуен** | Кешкі ауа райын бақылау, түскі ауа райынан | Көңілді музыкаға ырғақты би қимылдарын | **Ұлттық ойын «Аударыспақ»** | Табиғат аясында ауа райы туралы әңгімелесу. | **Қимылды ұлттық ойын «Арқан тарту»** жұмсақ қар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айырмашылығын айту, әңгімелеу.<br><br>Ұлттық ойындар туралы жұмбақтарға жауап беру.<br><br>**Ұлттық ойын** «Ақ сүйек»<br>Аппақ қар үстінде ақ сүйек ойынын ойнау, ойналу жолымен таныс болу, ойынды есте ұстау. | жасап, көңілді орта қалыптастыру.<br>**(Музыка)**<br><br>Балалардың еркін ойын және еңбек әрекетін ұйымдастыру, бақылау, мадақтау. | Жұмсақ қар үстінде «Аударыспақ» ойынын ойнау, ойынның негізгі ережелерін білу, есте сақтау.<br><br>Табиғат аясында көңілді ән тыңдау, қарапайым би қимылдарын орындау.<br>**(музыка)**<br><br>Еркін ойын әрекеті | **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойын:** ***«Кім епті?»*** *(Ыдыстан-ыдысқа қалақпен қар тасу)*<br><br>Балалардың еркін еңбек , ойын әрекетін бақылау, бағыт беру. | үстінде арқан тартысу.<br><br>Музыка іс әрекетінен берілген әнді табиғат аясында әуенімен қайталау.<br><br>Балалардың еркін еңбек әрекеті |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті.**<br><br>**Ұлттық ойын:** «Тұр сақина, тұр!» (Сақина салу ойыны) | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті.**<br><br>**Ұлттық ойын:** «Ұшты-ұшты»<br>*Ұшты, ұшты, ұшты —*<br>*үкі ұшты! (ұшады)*<br>*Ұшты, ұшты, ұшты —*<br>*түлкі ұшты! (ұшпайды)*<br>*Ұшты, ұшты, ұшты —*<br>*үйрек ұшты! (ұшады)*<br>*Ұшты, ұшты, ұшты —*<br>*күрек ұшты! (ұшпайды)*<br>*Ұшты, ұшты, ұшты —*<br>*қызғыш ұшты (ұшады)*<br>*Ұшты, ұшты, ұшты —*<br>*сызғыш ұшты!*<br>*(ұшпайды)*<br>... | Балалардың еркін әрекетіне мүмкіндік беру, бақылау, әрекетіне байланысты сұрақтарға жауап алу.<br><br>**Еркін әрекеттер:** құрастырғыштармен, боямақ бояу, сюжеттік рөлдік ойындар ойнау, кітап қарау. | **Үстел үті ойыны №1 картотека** «Пазылдар әлемі»<br><br>Берілген бейнелерді құрап шығу, бейне бойынша әңгімелеу. | Музыкадан берілген әнді, әуенімен тыңдап, сөзін қайталап жаттау.<br>Ырғақты қимылдар орындау. **(Музыка)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | -Отбасымен Ұлттық ойындар туралы әңгімелесуге кеңес беру;<br>-Ата-аналардың сұрақтарына жауап;<br>-Ата-аналармен баланың мерекелік көңіл-күйі жайында сұхбат;<br>-Демалыс күндері балалармен бірге көңілді уақыт өткізуге ұсыныс айту, сәтті күн тілеу. | | | | |